

Қобда ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 8 тамыздағы № 223 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 тамызда № 6343 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңының 3 бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қобда ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қобда ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. "Қобда ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада көрсетілген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Этalonдық бақылау банкінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Өтеповке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

M. Шермағанбет

Қобда ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 8 тамыздағы № 223 қаулысына қосымша

Қобда ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі және оларға ақшалай сыйақының мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Қобда ауданы әкімдігінің 08.10.2020 № 280 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Көтермеледің түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

Көтермеледің тәртібі

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледеу мәселелерін Қобда ауданының әкімдігімен құрылған қоғамдық тәртіпті сактауға қатысатын, қылмыстардың алдын алуға және ашуға ықпал еткен азаматтарды көтермеледеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.

3. Қоғамдық тәртіпті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермеледеу жөніндегі ұсыныстарды комиссияның қарауына Қобда аудандық ПБ* бастығымен ұсынылады.

4. Комиссия қабылдаған шешім - көтермеледеу үшін, ал комиссия қабылдаған шешімге сәйкес Ақтөбе облысының *ПД бастығының бүйрекі - көтермеледеуге ақы төлеу үшін негіз болып табылады.

5. Көтермеледеу түрін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшері, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

Ақшалай сыйақының мөлшері

6. Ақшалай сыйақының мөлшері комиссиямен белгіленеді және ол 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

7. Ақшалай сыйақы төлеу облыстық бюджет қаражаты есебінен Қобда аудандық ПБ жүргізіледі.

8. Көтермеледеуге ақы төлеуге арналған қаражат Ақтөбе облысы ПД шығыстарының құрамында жеке бағдарламамен көзделеді.

Ескертпе: қысқарған сөздердің толық жазылуы:

* ПБ – Полиция бөлімі

* ПД – Полиция департаменті